

*H. КЕНЖЕГАРАЕВ*

## ЛИРИКАЛЫҚ ҚАҢАРМАН – АВТОРЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ФРАГМЕНТИ

Қазіргі таңда әдебиеттану ғылымында автор және оның шығармадағы көрінісіне байланысты түрлі терминдер қолданылып жүр. Әдебиеттің тектеріне, тектерден туындастын жанрлардың ерекшелігіне қатысты олардың өзіндік айырмашылықтары бар. Әдебиетті шығармашылықтың тегі ретінде автор теориясында «автор», «актор», «ауктор», «нарратор», «рецептор», «бенефициарий», «скриптор», «комплитатор», «комментатор» т.б. атаулар тиесіленіп жүрсе, көркем шығармадағы автордың көрінісіне байланысты «автор», «автор бейнесі», «акын тұлғасы», «лирикалық қаңарман», «лирикалық кейіпкер», «лирикалық персонаж», лирикалық «мен», «автор тұлғасы», авторлық «мен», «лирикалық тұлға», «лирикалық образ», «лирикалық бейне», «акын бейнесі», акындық «мен», «лирикалық қаңарман образы» т.б. Көркем шығармадағы автордың көрінісіне қатысты көптеген ұғымдар әдебиеттің лирика тегіне қатысты қолданылады. Эпосқа байланысты автор бейнесі бөлекше өрбігенімен, лирикалық авторға тән қасиеттері де жоқ емес. Демек, әдебиет тектерінің спецификалық ерекшеліктеріне тән туындастын өзіндік ерекшеліктері, айырмашылықтары бар, сондай-ақ әдебиеттің өзге тектерімен тұтастықтары да жоқ емес.

Лирика жанрында автор тұлғасына байланысты қолданылып жүрген ұғымдардың ара-жігі айқындалып, ажыратылған ба? Лирикалық қаңарман мен лирикалық кейіпкердің, не лирикалық менинің бір-бірінен не өзгешелігі, айырмашылығы бар? Бар болса, қазақ әдебиеттануы осы айырмашылықтарды түсін түстеп көрсетіп бере алды ма? Лирикалық қаңарман мен акын бейнесінің арақатынасы қандай? Поэтикада қандай денгейде талдаулар жасалып жүр? Ақын бейнесі мен автор бейнесі деген ұғымдар бір ме, әлде басқа-басқа категориялар ма? Қаншалықты дәрежеде ұқсастығы және айырмашылығы бар? Поэтикалық талдауларымында осы ұғымдардың ара-жігін ажыратып, орынды пайдаланып жүрміз бе, әлде синонимдік қатар сынды бәрін бірдей тоғытып, керек адам өзі ішінен теріп алар деген позицияны ұстанып, қосарлап пайдаланып жүрміз бе? Лирика жанрын талдау аса сезімталдықпен қатар, бірізділікті қажет етсе, лирика теориясына қатыс-

ты осы терминдердің қазақ әдебиеттануында бір ізділікке түскені абзal болар еді. Әдебиет институттарымында поэзия теориясын зерттейтін арнайы бөлімнің болуы заңдылық. ХХ ғасырдың орта шеніне дейін қазақ әдебиетінің басты тегі болып, қоғамдық ғылымдар мен өнердің түрлі салаларының қызметтерін қайыспай қоса атқарып келген ата өнер – поэзия болса, қазақ сынды ақын халықтың дәстүрлі өнерін түбекейлі зерттейтін бөлімнің болмауы, елдігімізге, ғылым мен мәдениетімізге сын.

Әдебиеттану ғылымында «автор бейнесі», «лирикалық қаңарман», «лирикалық кейіпкер», «лирикалық мен» т.б. ұғымдарға қандай түсінік, анықтамалар берілуде және ғылыми айналымда қаншалықты денгейде түсініліп, талданып жүр деген сауалдарға тоқталып өткен жөн.

Автор категориясы өнертануда, философияда қолданылатын кең ауқымды категория, сөз өнерінде автор категориясынан “автор бейнесі” категориясы туындаиды. Сөз өнерінде автор бейнесі көркем шығарманың өн-бойынан, тұтастай алғандағы құрылымынан көрінеді. Автор бейнесі тұрғысында академик З.Ахметов мынадай пікір айтады: “автордың идеялық нысанасы, көзқарасы, ұғым-түсініктері, нағым-сенімдері, көркемдік принциптері, суреткерлік шеберлігі бәрі-бәрі кен, толық мағынасында, әрине, шығарманың өн-бойынан, бүкіл құрылым-бітімімен, идеялық-көркемдік сипатынан танылады. Бұл – оның шығармашылық тұлғасы, жазушылық, суреткерлік сипат-өзгешелігі, ал оның өнер иесі ғана емес, өз тағдыры, өз мінез-құлқы бар жеке адам ретіндегі бейнесін алсак, ол жекелеген жанрда (мысалы, өмірбаяндық, мемуарлық) болмаса, ақын көрініс таппайды” [1, 21]. Автор және «автор бейнесі» ұғымдары бұлар жалпы ұғымдар, әдебиеттің барлық тектеріне қатысты қолданылады. «Автор бейнесінің» ақын бейнесінен айырмашылығы осы жерден шығады. «Автор бейнесіне» байланысты көптеген зерттеулер бар, ол зерттеулерде сөз өнерінің жалпы болмысына тән талданады, дегенмен, лирикада «акын бейнесі» деген ұғымның қолданылуы орынды және айқын, талдаудың әдебиеттің кай тегіне байланысты жүргізіліп отырғандығын анықтап тұрады, поэзияның өзін-

дік ерекшеліктеріне байланысты түсініледі. Модернист және постмодернист ғалымдардың еңбектерінде, яғни структуралист, постструктураллист, семиотик т.б. ғалымдар әдебиеттің тегіне қарап талдауға бой ұрмайтындықтарынан, сөз өнерінің ортақ занылықтарына иек арта отырып, жалпылама түрғыдағы автор және автор бейнесі ұғымдарын сөз ететіндігі белгілі. Лирикада авторлық “Мен” көрініс алады. Реалды автор мен лирикалық қаһарман арасындағы байланыс бірдейлік емес, бірлікке саяды: ақынның өмірлік тәжірибесі өлеңде өзгерген, құбылған, “бөлшектенген” түрінде беріледі, шығармаға көркем қиялдаудың элементтері енеді. Лирикалық қаһарман мен оның толғатқан бейнелері, ойлары автор бейнесі категориясының құрылымының қабылдаушы сана-сезіміндегі коллективтік модальдық пен субъективтіліктің көрінісі, құраушысы болып табылады. Тұындыда лирикалық қаһарман “сонғы инстанция” емес, автор бейнесі категориясын құраушы [2, 60]. Автор бейнесі шығарманың тұла бойынан, құрылымынан, “ішкі мазмұнынан” көрінеді (“автор образы” деген мен “шығарма авторы” бір емес екендігін ескеरту артық болар).

“Поэзиялық шығармаларда автор, негізінен, лирикалық тұлға ретінде танылады. Лирикада ақынның ішкі сыры, сезімі, толғанысы, яғни, жеке авторлық тәжірибесі басқа жанрларға қарағанда айқын, анық бедерленеді, өмір шындығын оқырман лирикалық тұлға позициясындағы автордың көзімен қарап танып біледі. Лирикалық шығармада авторлық, субъективтік көзқарас, ой-сезім мен ол бейнелеп отырған объективті шындық жігі білінбей жалғасып жатады. Лирик ақын өзі туралы айта отырып, өмірлік жайларды толғайды. Қоғам, әлеумет жайын толғанып отырып, өз көніл-күйін паш етеді. Дегенмен лирикалық кейіпкерді автордың нақ өзі деп ойлау – жансак түсінік. Лирикалық кейіпкер автордың өлеңмен жазылған тікелей өз көшірмесі емес, жинақтала келіп, белгілі бір нактылық сипатты иеленген көркем бейне болып шығады” [1, 21], – деген академик З.Ахметовтің тұжырымы көп нәрсені анықтап тұр. Автор бейнесі ұғымы әдебиеттегі автордың тұлғасына байланысты қолданылатын жалпы ұғым болса, лирика тегіндегі оның эквиваленті – ақын бейнесі. Ақын бейнесінің лирикадағы көрінісі – лирикалық тұлға. Лирикалық тұлғаны құрайтын компоненттер – лирикалық кейіпкер және лирикалық қаһарман болып табылады. Лирикалық кейіпкер мен лирикалық қаһар-

ман кей зерттеулерде бір ұғым ретінде жансақ қолданылып кететін жәйттері де жетерлік, не екі ұғымды синоним ретінде қолданылады. «Лирикалық қаһарман» деген ұғымды орыс әдебиеттаннындағы «лирикалық герой» деген терминмен астаңырып қарастыратын болсак, ғалым Ю.Борев оған мынадай анықтама береді: «Лирический герой (проблема поэтической нарратологии) – личность поэта, живущая в его самосознании, сотнесенная с идеалом и воплощенная в образах его поэзии.

Лирический герой – образ поэта, лирическое «я», условное литературоведческое понятие, охватывающее весь круг произведений, созданных поэтом; на его основе создается целостная представление о творчестве поэта. Образ лирического героя с наибольшей полнотой раскрывается во всем творчестве поэта. Из совокупности лирических произведений легче всего «сконструировать» характер, выражющий эстетический идеал поэта, обогащающий представление о духовной жизни человека. Образ лирического героя нетождествен личности поэта, хотя творчество и его жизненно-эстетическая позиция едины. Образ лирического героя создается поэтом, как всякий образ с помощью отбора жизненного материала, типизации и художественного вымысла. Соотношение между личностью поэта и его стихами (при близости между творчеством и биографией поэта) таково же, как между прототипом и созданным на его основе образом» [3, 219]. Ғалым Ю. Боревтің «лирикалық қаһарманға» берген егжей-тегжейлі, кисынды анықтамасы, академик З.Ахметовтің де көзкарасымен ұштасып жатыр: «Лирикалық қаһарман – ақын бейнесінің оның шығармаларынан жинақталған тұтас тұлға ретінде көрінуі» [1, 134]. Демек «лирикалық қаһарман» лирикалық кейіпкермен синоним ұғым емес, лирикалық қаһарман – шығармадағы, дұрысы, ақын шығармашылығындағы суреткердің жинақталған бейнесі, поэзия зерттеушісі, белгілі ғалым Қуандық Мәшінұр Жүсіп атап өтетіндей: «акынның жеке толғанысымен бірге мындардың сезімін жинақтау арқылы лирикалық қаһарман қалыптасатынын айқыннадық. Соның нәтижесінде лирикада да типті бейне жасалуы ықтималдығы – өз алдына бір әңгіме» [4, 192], – лирикалық қаһарман ақын шығармашылығындағы жинақталған бейне.

Лирикалық кейіпкер – лирикалық қаһарман – құраушы компонент болып табылады, лирикалық қаһарман лирикалық шығармалардың өн-

бойынан тұтастай алғанда көрінетін болса, лирикалық кейіпкер ақынның кез келген өлеңінде орын алатын, көрінетін, ақындық «менді», лирикалық субъекттің ортаға шығаратын тәсіл. Галым З. Ахметов лирикалық кейіпкерді: «поэзиялық шығармалардан көрінетін адамның тұлға бейнесі» [1, 133], – деп мейлі ол ақынның өз тұлғасы, өз бейнесі болсын, не рольдық сипаттарға сай кейіпкерді сөйлету тәсілі болсын, ақынның лирикадағы көрінуінің тәсілі болып табылатындығын дәл аныктай білген.

«Сырт қарағанда, ақын алуан тақырыпқа түрлі өлең жазғандықтан, оның әр туындысында бір-бірінен мүлде бөлек қылыш образ бар тәрізді көрінуі де ықтимал. Әйтсе де қаламгер белгілі бір өлеңінде насадтануын, енді бірде күйзелуін, тағы бірінде еміренуі, не кіділенуін т.б. жырласа да, сол түрлі жағдайда әрекет еткен лирикалық «меннін» бәрін топтастыратын ортақ сипатты да байқауға да болады. Демек ақын әр жағдайдағы түрлі сезімді сипаттайты, әрі соның бәріне бір көзben қарайды десек, лирикалық қаһарманның ұйымдастырушылық ролін ашамыз. Осы орайда ақын өмірінің бар кезеңінде лирикалық қаһарманның бір деңгейде, бір қалыптап бола бермейтінін, қайта қөбінесе өсу, өзгеру үстінде шындала тусу мүмкіндігін де ескерген жөн» [4, 192], – деген ғалым ойлары лирикалық кейіпкердің қызыметін, табиғатын терен ашып беріп отыр. Лирикалық қаһарман лирикалық кейіпкер, лирикалық мен, рольдық кейіпкерлер (лирикалық кейіпкердің бір тәсілі), «субъективтік мен» сынды тәсілдер арқылы көрініс табады, мақсатына ұмытлады. Демек бұл тәсілдер лирикалық қаһарманды құраушы фрагменттер.

Авторлық дискурс, лирикаға қатысты айтатын болсақ, ақындық дискурс – жоғарыда айтылған лирикалық категориялар арқылы іске асады. Ақын өлеңін жазбас бүрүн, не айтарын, қалай айтартын, кімге айтартын ой елегінен өткізеді. Өз жан дүниесінде, рухани әлемінде конструкция құрайды, мағыналық-идеялық жағынан стратегия жасайды. Конструкцияда – өлең тууы, лириканың қай жанрында, түрінде, тақырыбында туатынын айқындайды, метрикасы жасалады, оның үйқасы мен ырғағы т.б. өлеңнің құрылышына байланысты мәселелер қамтылады, стратегияда – өлеңге жүктелетін идеялық-эстетикалық, эмоционалдық, идеологиялық, моральдық, танымдық, философиялық, діни, әлеуметтік, саяси т.б. мағыналық жүк, мағыналық қатпар іске асады. Осы екі функция қосылып, авторлық дис-

курсті іске асырады. Автор айттар ақпаратын, концепциясын лирика тегінде айтатын болып отырғандықтан, жанрдың ғасырлар бойына келе жаткан «жадына», қабылдаушы «жадына» сәйкес, бейімделіп, пайдаланғалы отырған жанрға сай қолданылатын түрлі көркемдік әдіс, тәсілдерді пайдаланады. Біздің мәселемізде, автор өз дискурсында «лирикалық қаһарман» категориясы арқылы және оның «ішкі компоненттері» арқылы поэзиялық форманы, поэзиялық актіні өмірге алып келеді, не жарыққа шығарады. Авторлық дискурс өз жадында әрқашан қабылдаушының бейнесін ұстанады. Мотор экспрессиясы арқылы тыңдаушы, оқырмандардың таным-талғамын, толғандырған мәселелерін, талап-тілегін көз алдында ұстап, елестетіп, оны лирикалық тәсілдермен өз туындысына ендіріп отырады. Шығарма-шылық процестің бұл ерекшелігі туралы көрнекті лирика зерттеушісі Лидия Гинзбург айтып өтеді: «В лирике поэтическая мысль, сложный внутренний опыт должны быть переданы сгущенными поэтическими формулировками, устанавливавшими с читателями молниеносный и безошибочный контакт. Иначе лирика не станет искусством как двухстронним социальным актом творчества и восприятие» [5, 12].

Қазақ әдебиеттандырылымында соңғы кеңендерде поэзия саласын зерттеп жүрген ғалымдар тарапынан «лирикалық қаһарманың образы» (Б. Әбдіғазиұлы) [6, 190], «лирикалық кейіпкер образы» (Ж. Толысбаева) [7, 33] деген ұғымдар қолданылуда. Лириканың өзіндік тәлтума ерекшелігіне байланысты туындалап отырған ұғымдар. Лирикалық қаһарман да, лирикалық кейіпкер де жеке алып қарастырылғанда, образ деп қарастырылады, енді бұл образ қай образ, образдан туындалап отырған образ ба? Лириканың терен қатпар қырларын ашып, талдау үшін де атаптыш ұғымдарды пайдаланудың еш сөкеттігі жоктай көрінеді. Эрине, ақын шығармаларының өн-бойында «лирикалық қаһарманың», жекелеген өлеңдерде, не циклі топтамаларда «лирикалық кейіпкердің де» бейнесі (жалпы әдебиеттандыруда образ, бейне ұғымдарын қатар қолданбай, бейне деген ұғымға токтайтын кез келген сияқты) жасалатыны анық, сондықтан «лирикалық кейіпкер» ұғымын лирикадағы автордың көркем тәсілі деп санаған орынды болатын сияқты. Ғалым Ж. Толысбаевының тұжырымдауынша: «Қазақстандық ақындардың бірқатар жанрлық құрылымдарында лирикалық кейіпкер образы авторлық бейнеге теңестіріледі. Автор мен кейіпкер позициялары-

ның синтезін байқау процесі лирикалық эмоцияларды топтап қорытуға мүмкіндік туғызды және лирикалық жанрларды өзектендіруге тиімді.

Әлем орталығына синтезделген «меннің» шығынан, жаңадан көрінетін автор мен кейіпкер бейнелерінің тоғысы нәтижесінде пайда болады» [7, 33], лирика теориясы үдеріс үстіндегі шығармашылық болғандықтан, жаңаша түрлерге ұласып, жаңаша ұғымдарға арқау болып отыр. Синтезделген «мен», автор-кейіпкер бейнесі соның нәтижесі.

Қазіргі таңға дейін қазақ поэзия зерттеушілері ақын бейнесі жөнінде академик З.Ахметовтің мына пікірлерінің үйіп келді: «Ақын бейнесі әр өлеңде әр қырынан, әртүрлі көркемдік тәсілдер арқылы нақтылық көрініс табады. Поэзияда ақын тұлғасы қобінесе жинақталған лирикалық бейне қалпында көрінеді. Өйткені ақын өлеңінде үнемі басынан кешкенді, өзі көрген, немесе, өз өмірінде болған жайларды ғана айтпайды, болтынды, болуы мүмкін жайларды да айтады. Соңдықтан өлеңдегі лирикалық тұлға автордың, ақынның бейнесін танытады дей отырып, ол оның поэзиядағы көркемдік көрінісі екенін ұмытпау қажет» [8, 34]. Фалымның ғылыми дәлдікпен, лирика табиғатын терең менгергендіктен, бұлтартпай айтып отырған тұжырымын басшылықта ала отырып, лириканы «дискурстық поэтика», «теоретикалық поэтика», «диалогтық поэтика», «әлеуметтік поэтика», «психологиялық поэтика», «менталды поэтика» т.б. соңғы кезде көптеп пайда болып, ғылыми айналымға еніп жатқан, ғылыми-теориялық концепциялардың өсуін, дамуын, жетілуін қамтамасыз етіп отырған әдіснамалар арқылы зерттеулер жүргізілуі тиіс.

Ақын бейнесі, лирикалық тұлға не автор бейнесі авторлық дискурстың жүзеге асуы деп қабылданса, ақын бейнесін құрайтын көркемдік тәсілдер: лирикалық қаһарман мен лирикалық кейіпкер – мантықты түрде авторлық дискурстың үзіндісі, не қазіргі әдебиеттанушылық терминмен айтатын болсақ «фрагменті» болып шығады.

### ӘДЕБИЕТ

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1996.

2. Новиков Л.А. Художественный текст и его анализ. М.: Русский язык, 1988.

3. Борев Ю.Б. Эстетика. Теория литературы: Энциклопедический словарь терминов. М.: Астрель, 2003.

4. Мәшиүр-Жусін К.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Павлодар: ЭКО ФӘФ, 2007.

5. Гинзбург Л. О лирике. Л.: Советский писатель, 1974.

6. Әбдігазиұлы Б. Шәкөрім әлемі. Алматы: Раритет, 2008.

7. Толысбаева Ж. Поэзия жанрлары: тарих және жаңа заман тәжірибесі. Семей: Талант, 2008.

8. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы: Ана тілі, 1995.

### Summary

The poetic categories “author’s image”, “lyric character”, “lyric personage”, “lyric “I” are considered as the fragments of author’s discursive in given article.

### Резюме

В данной статье рассматриваются поэтические категории “образ автора”, “лирический герой”, “лирический персонаж”, “лирическое “Я” как фрагменты авторского дискурса.